







## БИЗНЕСКЕ ЖАҢА МҮМКІНДІК АШЫЛДЫ

Астанада Ресей, Беларусь және Қазақстан мемлекет басшылары қол қойған Еуразиялық экономикалық одақ шарты біздерге, кәсіпкерлерге, жаңа өріс ашып отыр. Жаңа одақ осы елдер арасында кәсіпкерліктің сан түрін дамытып, өзара бәсекелестік өрісін кеңейтудің жаңа мүмкіндігі болып табылады. Елбасы осы одақтың дүниеге келуіне көп күш-жігерін жұмсады. Өзара келіссөздер барысында орын алған даулы мәселелер шартқа қол қойылғанға дейін шешімін тапты. Демек, одақтың толыққанды жұмыс істеуіне осының барлығы өз әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Қазақстан Президенті соңғы Жолдауында Қазақстанның мал өнімдерін экспорттаушы елге айналатын уақыты таяу екенін меңзеп, бірқатар келеді міндеттер белгілеген болатын. Осы міндетті жүзеге асыруда облысымызда бірқатар игілікті шаралар жүзеге асырылуда. Біздің 2008 жылы ашылған мал бордақылау және мал сою цехы бүгінгі таңда өзінің өнімділігімен, сапалылығымен ерекшеленеді. Алдағы уақытта кәсіпкерліктің өрісін кеңейтудің мүмкіндіктерін қарастырып жатырмыз. Бордақылау алаңы кеңейеді. Дайындалған өнім көлемі едәуір артатын болады. Осының барлығы халықтың игілігін көтеруге бағытталған жобалар қатарына жатады. Астанада қол қойылған маңызды шартқа атап көрсетілгеніндей, үш елдің арасындағы өзара тауар айналымындағы жеңілдіктер кәсіпкерлерге қолайлы жағдай туғызып отыр. Біз үшін бұл одақтың маңызы осы болып табылады.

Ерболат РСА.ЛНБВ,  
“Ақбарыс” шаруа қожалығының директоры,  
Қызылорда қаласы.

## ЫҚПАЛДАСТЫҚ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Әлемде жаңа интеграциялық құрылым дүниеге келді. Көптен бері сөз болып жүрген Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің Президенттері қол қойды. Бүгінгі әлемде жаһандық экономиканың бәсекелестік жағдайында аймақтық елдердің қауымдасуының маңызы өте зор.

ЕАЭО-ның казакстандық бизнес үшін тиімділігі өте көп. Аукымы 170 млн. адамдық нарық кеңістігі пайда болып отыр. Ол өз кезегінде отандық өндірісті дамыту мен экономиканы әртараптандыруға жол ашады. Айта кету керек, осындай интеграциялық үдерістер экономикалық тұрғыдан келгенде шетелден инвестицияның көптеп ағылуын, ішкі нарықтың кеңеюін, экономикалық бәсекелестіктің артуын, тауар мен қызмет көрсету түрлерінің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы мен айналымын қамтамасыз етеді. Жаңа интеграциялық құрылымды құру туралы шартқа қол қойылған кезде оған жаңалам мүше болғысы келетін елдердің пайда болуы да тегіннен-тегін емес. Демек, олар да жоғарыда айтылған тиімділіктердің өздерінде болғанын қалайды.

Жалпы алғанда, экономикалық одақтың жұмыс істей бастауы отандық кәсіпкерлерге дем береді. Сонымен қатар, үш елдің тұтынушылары үшін де қолайлы жағдай туындайды. Сонымен ортақ нарық, капитал мен еңбек ресурстарының еркін айналымы үш елдің де мүддесі үшін қызмет етіп, келешекте жақсы нәтижелерге жететініміз айқын.

Абай ШӘЙМУРОВ,  
экономика ғылымдарының кандидаты.

## Бағыт – айқын, таңдау – дұрыс

Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразиялық экономикалық одақ жөніндегі идеяны ұсынғанына 20 жыл толды. Еуразиялық интеграция үдерісі бүгінде дамудың мүлде жаңа кезеңіне шықты. Енді міне, Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы тарихи шартқа 2014 жылдың 29 мамырында үш ел, атап айтсақ, Қазақстан, Ресей, Беларусь елінің басшылары қол қойды. Бұл тарихи әлемдік деңгейдегі одақ өз жұмысын 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастайды.

Дүние жүзінде 300-дей ынтымақтастық ұйым болса, құрылған одақтың алдыңғы үздік үштікке кіруге толық мүмкіндігі бар. Сонымен, Еуразиялық интеграциялық одақ игілігінің тиімділігі артып, сыртқы экономикалық байланыстар нығая түспек. Интеграцияның казак халқы үшін берері мол. Аталмыш одақ халықтың тұрмысын, ал-ауқатын көтеруге де үлкен септігін тигізбек. Алдағы уақытта Армения мен Қырғыз республикалары осы одаққа кіруге өз өтініштерін білдірді. Осыдан-ақ аталмыш ұйымның болашақтағы мәртебесінің қандай болатынын көруге болады. Шартқа қол қойған үш елдің аумағындағы 170 млн-ға жуық халықтың арасында экономикалық байланыс күшейіп, үлкен кеңістік пайда болмақ. Ал, 17 миллион халқы бар казак елі үшін мұның пайдасын зор екені белгілі. Әсіресе, сыртқа өнім шығару, арматура, тау-кен, түрлі-түсті металлургия, бірлескен өнеркәсіп орындары ашылмақшы. Сондай-ақ, бірлескен автозауыт құрылысы салынып, 2017 жылға қарай 120 мың автомобиль құрастырылатын болады, тіпті 45 тонналық жүк таситын «БелАЗ» көліктерін құрастыру да қолға алынбақ. Сөйтіп, өнімдерімізді еркін тасымалдап, Ресей мен Беларуссияға шығаруға мүмкіндік аламыз. Бұл да үлкен жетістік.

Осыдан төрт жыл бұрын Кеден одағы жүзеге асты. Оның пайдасы мен тиімді тұстары мол болды. Кеден одағы арқылы отандық өнімдерді рәсімдеуде көптеген жеңілдіктер де жасалды. Міне, енді экономикалық одаққа қол қойылды. Енді тауар тасымалдау, көлік инфрақұрылымы да жеңілдемек. Тауар өндірушілер мен тұтынушылар да қорғалатын болады. Аталмыш одақтың Жоғарғы соты Минск қаласында, ал қаржы орталығы Астана қаласында және ол ұйымның орталығы Мәскеуде орналаспақ. Жалпы үш ел де еркін саудасын жасай береді. Әлемдегі 300-ден астам одақтың тәжірибелерін пайдаланып, жоғарыда аталған үш ел ортақ интеграция аясында ортақ шешімге келді. Сөйтіп, бір-біріне инвесторлар тартуда, ең бастысы, бұл таза экономикалық одақ болады деген бір шешімге келді. Алпауыт елдермен тереземіз тең, керегіміз кең иық тірестіретін боламыз. Қазак халқының бұл іске күш-қуаты, білім-білігі жетеді. Үш елдің басшылары қол қойған 29 мамыр – тарихи күн болып өмірімізге енді. Бұл тарихи күнді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Еуразиялық интеграция күні» деп жариялау керектігін айтты.

Құндыз ДӘУТОВА.  
Арал ауданы.

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ – ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ ӨРІСІ



Осы зауыт жанынан тағы бір өндіріс орны ашылмақ. Жағымды жаңалықты «КазКор – Полимер» БК» ЖШС атқарушы директоры Ельдар Шаймағамбетов жеткізді. Зауыт ел Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында іске қосылды. Жаңа зауыттың жалпы құны 4 млрд. АҚШ долларын құрайды. Жобаның инвесторы – жергілікті «Дорстрой» ЖШС. Аталған серіктестік басшысы Мұрат Тілеулиев бұл жобаны Оңтүстік Кореялық «K2 G.B.S.» және казакстандық «K-Smart» компанияларымен бірлесіп жүзеге асырмақшы. Осы үш компания бірлесіп, «ҚазКор-Полимер» атты серіктестік құрған. – Зауытқа қажетті қондырғылар жакын арада әкелінеді. Ал, қажетті шикізат Оңтүстік Корея мемлекетінен жеткізіліп тұрады. Жаңа зауыт жұмысын бастаған кезде 40 жұмыс орны ашылады, – дейді атқарушы директор Ельдар Шаймағамбетов. Зауыт басышлығы құрылыс нарығында

сұранысқа ие пенополиэтилен құбырлары мен жоғары сапада, жылусақтағыш материалдар, түрлі кабельдер мен проводтар шығаруды, сондай-ақ дыбыстың күшін әлсірететін құрылыс материалдарын жаңа технология бойынша өндіруді жоспарлап отыр. Ол толық қуатында жұмыс жасаған кезде айына 60 тонна өнім шығарады. Кәсіпкер болашақта өз өнімдерін еліміз нарығына ұсынуды және шет елдерге экспорттауды жоспарлап отыр.

«Smart Rubber» ЖШС базасында назарға тағы бір тартымды жоба ұсынылды. Бұл «Байқоңыр» ӘКК» Ұлттық компаниясымен бірлесіп қолға алынған астаналық «Waterlab» компаниясының бірлескен жобасы. Мембранды қондырғылар орнату ісін жергілікті «ҚазРосИнновация» компаниясы жүзеге асыруда. Осы жерде қонақтарға аталған жобаның тиімділігі айтылды. Жобаның мақсаты – аймағымыздағы су ресурстарын үнемдеу және ауыз судың сапасын арттыру. Қазіргі күні бұл компания мұндай қондырғыны облыс орталығы мен Жаңақорған ауданының 6 елді мекенінде орнатыпты. Компания келешекте осындай су тазартқыш қондырғыларды барлық ауылдарға, ондағы әлеуметтік нысандарға орнатуды жоспарлап отыр.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының бизнес алаңында Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының президенті Мұрат Тілеулиев бұл жобаның қатысуымен аймақ кәсіпкерлерімен кездесу өтті. Нақты кезеңде облыста 44 мыңнан астам кәсіпорын тіркелген. Өсім өткен жылмен салыстырғанда 18,6 пайызға артып

## «ЖАС ҰЛАН» ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ



Балалар мерекесі күні бір топ оқушы «Жас ұлан» ұйымына қабылданды. Н.Бекежанов атындағы драма театр ғимаратында өткен салтанатты шараға облыс әкімі Қ.Көшербаев пен ҚР Парламенті Мәжілісі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы С.Әйімбетов бастаған депутаттар қатысты.

Осыдан 3 жыл бұрын Елбасы бастамасымен құрылған «Жас Ұлан» қазір қанатын кеңге жайып, өскелең ұрпақ бойына отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға негіз болатын ұйымға айналды. Мақсат – міндеті айқын, болашағы бекем ұйымға мүше болу – әр баланың арманы.

Шарада жазғы демалысқа дайындықтары жөнінде рапорт берген «жасұландықтарды» облыс әкімі Қ.Көшербаев құттықтады.

– Еркін елдің негізін қалаған Елбасы сендерге сенім артып, жан-жақты азамат болып қалыптасуларыңа бар мүмкіндік жасап отыр. Сендер осы сенім үдесінен көріне біліңдер. Оқуда озат болып, тәуелсіз елдің ертеңгі тірегіне айналыңдар, – деп тілектестігін білдірген аймақ басшысы облыста балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бағытындағы басты шараларды атап өтті.

Осыдан кейін облыс әкімі мен депутаттар «Жас Ұлан» қатарына қабылданған 20 оқушыға ұйым галстугін тақты. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Әйімбетов пен облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Шаухаманов мәңгілік ел ұландары боламыз деген балаларға тілектестігін жеткізді.

Шара соны драма театр сахнасындағы концертке ұласты. Онда облыс орталығымен қатар, аудандардан келген өнерпаз балалар өз өнерлерін көрсетті.

Е.АҚЫН.

## ДІН – ҰСТАЙ АЛСАҢ ҚАСИЕТІҢ, ҰСТАЙ АЛМАСАҢ – ҚАСІРЕТІҢ

Қоғамда адам санасын әртүрлі әдістер арқылы бақылай отырып, жеке тұлғаның физикалық және психикалық жағдайының бұзылуына, сөйтіп отбасына, қоғам мен мемлекетке қауіп төндіретін теріс пиялздағы бүлдіргі топтар мен ағымдар деструктивті деп аталады.

Бұл ағымдар негізінен адамның ой-санасын ұлап, құқығы мен бостандығын бұзады, психологиялық дамуын баяулатады, өз өмірін бақылаудан және еркіннен айырылады, яғни жеке тұлғаны өздеріне тәуелді етеді. Отбасының ойрандалуына ықпал жасайды. Ең қауіптісі, бұл ағымдағылар өздерін шынайы діндар және ақиқат жолындағылар ретінде санайды да қоғамда қалыптасқан жүйені бұзғау әрекет етеді. Олар өз ұйымдарына ақыл тоқтата қоймаған

жастарды көбірек қамтуды көздейді. Осыған орай елімізде азаматтарды, әсіресе жастарды дәстүрлі емес және деструктивті діни ағымдардың шырмауына түсірмеу жолдары қарастырылуда.

Облыстық дін істері басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру өңірлік орталығында “Дәстүрлі емес және деструктивті діни ұйымдардың пайда болуы, оларға тән ерекшеліктер мен оның қоғамға тигізетін кері әсері” тақырыбында оқыту-семинары болып өтті.

Аталмыш шара барысында облыстық прокуратура басқармасының бөлім басшыы Нұркен Тұрғанбай, Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша ҰҚК департаментінің қызметкері Қанат

Майтенов, облыстық дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Тұрар Әбуов, облысқ мамандары Батырбек Убаев пен Қанат Мырзабеков және КМУ-дың аға оқытушысы, дінтану магистрі Бақтияр Оспанов түрлі тақырыптарда әңгіме өткізді. Бірі еліміздегі діни бірлестіктердің қызметін мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздеріне тоқталса, екіншісі дәстүрлі емес дін ағымдарының пайда болуына, оның ерекшеліктеріне, тағы бірі олардың адам санасына әсер етуіне шолу жасады. Діни фанатизмнің қайда апарып соқтырарына тоқталды. Азаматтардың басты қорғаны – діни сауаттылық пен өз-өзіне деген сенімділік, ада-бабамыз ұстанып келе жатқан бағыттан айнамау.

Әкімдіктер жанындағы терроризмге

### ТАҒАЙЫНДАУ



Облыс әкімінің 2014 жылғы 2 маусымдағы №420-ө әкімімен Әбуов Дәуірбек Кеңесұлы міндетті арнайы тексеру нәтижесі келгенге дейін Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы болып қабылданды.

Дәуірбек Кеңесұлы 1970 жылы дүниеге келген. Мәскеу мемлекеттік агроинженерлер университетін «инженер-механик»

ханик», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «экономика» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытушы ұстаздық қызметтен бастаған. 1996-1999 жылдары Бюджеттік банктің облыстық басқармасында экономист, облыстық қазынашылық басқармасында аға қазынашы, сектор менеджерішісі, бөлім бастығының орынбасары, 1999-2000 жылдары Республикалық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорнының облыстық филиалы директорының орынбасары, 2000-2004 жылдары облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, 2004-2008 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы департаментінің директоры, 2008-2010 жылдары «Оңтүстік» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ облыстағы өкiлдігiнiң директоры, басқарма мүшесі, 2011-2012 жылдары «Оңтүстік» қаржы компаниясы» АҚ Вице-президенті болса, 2012 жылдың ақпан айынан бастап осы акционерлік қоғамның Басқарма төрағасы лауазымында қызмет атқарған.

### САЛАҒА ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН КЕЛДІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев әкімдік мәжілісінде кадрлық тағайындау туралы өкімімен таныстырып, Әбуов Дәуірбек Кеңесұлының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы етіп тағайындалғанын жеткізді.

Аймақ басшысы Д.Әбуовтің бұған дейін атқарған қызметтерін саралай келіп, оның қаржы саласын да, елдің жағдайын да, ауылшаруашылық саласын да жақсы білетінін атап өтті. Бұл басқармада бұрын да басшылық қызметте болған. Мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласындағы саясатын Сыр өңірінде өз деңгейінде атқаруына сенім білдірген облыс басшысы Д.Әбуовке жаңа қызметінде айбыр мен табыс тіледі.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

## Су жүйелері сапасы жақсарады

Жуырда Шымкент қаласында “Қазақ Суарнажоба” акционерлік қоғамы “Елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту, оларды салу жөніндегі өзекті мәселелер” атты ІІІ көшпелі семинар өткізді.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мүдделі өкілдері мен өндірістік және жобалау мекемелерінің қатысуымен өткен семинар “Қарлсқрона” ЖШС колдауымен өткізілді.

Жиында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жобалау жұмыстарының сапасын жақсарту, заманауи материалдар мен жабдықтарды пайдалану, жаңа өндіріс орындарын ашу мен отандық өндірушілерді колдау мәселелеріне қатысты сұрақтар талқыланды.

Семинардың өзектілігіне байланысты арнайы қарар мен отандық өндірушілерді колдау жөнінде кешенді шаралар жасау мақсатында үндеу қабылданды.

Ашық әрі тиімді диалог алаңы ретінде өткен семинарды қатысушылар жоғары бағалады.

Нұрбек САҒАДАТ.

## 25 жүргізуші ішіп жүр екен

Мамыр айының соңғы күндері облыс көлемінде “Қауіпсіз жол” жедел алдын алу шарасы өтті.

Шараның мақсаты – жол-көлік оқиғаларынан жарақаттануды төмендету және жолаушылар тасымалы саласындағы заң бұзушылықтарды анықтау, апатқа тікелей әсер ететін жол қозғалысы ережесін бұзу, көлік құралдарын мас күйде басқару деректерін анықтау, сондай-ақ жылдамдықты арттыратын құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ахуалды жедел сауықтыру.

Облыстық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің хабарлағанындай, шара барысында жол-көлік оқиғаларына тікелей септігін тигізетін өрескел құқық бұзушылықтардың бірнеше бағыттары бойынша жұмыстар атқарылып, түнгі рейдтер ұйымдастырылған.

Алдын алу шарасының алғашқы екі күнінде 1125 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, көлікті мас күйінде айдаған 25 жүргізуші мен қауіпсіздік белдігін таппаған 266 жүргізушіге әкімшілік хаттама толтырылыпты.

Біздің анықтама: Өткен төрт айда облыс көлемінде барлығы 35 мыңнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі анықталса, оның ішінде жолаушылар тасымалымен айналысатын көлік құралдарының жүргізушілеріне 545 әкімшілік хаттама толтырылған.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



қарсы комиссия мүшелеріне және осы сала бойынша қызмет атқаратын жауапты тұлғаларға арналған токсан сайын өтіп тұратын оқыту-семинарына қатысушылар өзара пікірлесіп, өздерін толғандырған сұрақтарына жауаптар алды.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.







## БАЛАЖАН БАЛАБАҚША

Бүгінгі таңда аймағымызда мектепке дейінгі балалар орталықтарының саны артуда. 1 маусым – «Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай қаламызда «Сыр Балажаны» балабақшасы ашылды.

100 орындық балабақшада мектепке дейінгі ересектер тобына арналған 50 орын бар. Орталықтың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысты. Ақмарал Шәріпбайқызы балабақшаны аралап көріп, бүлдіршіндердің өнерлерін тамашалады және салтанатпен құттықтады.

Балабақша менгерушісі Наталья Мишукованың айтуынша, орталық заманауи ойын құралдарымен, бейнебақылау, жиһаздармен жабдықталған. Орталықта 20 маман жұмыс істейді және психолог, әдіскерлермен қамтылған.

Шара соңында балаларға түрлі ойыншықтар беріліп, балмұздақтар ұсынылды.

Шағын балабақшаны ұйымдастыруы мен іске қосылуы мемлекет пен жекеменшіктің бірлесуі арқасында жүзеге асып отыр.



## “ШҰҒЫЛА-3” ШУАҒЫ

Облысымызда мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы қарқында түрде жүргізіліп жатыр. Қазіргің өзіңде облыстағы балғындардың 79 пайызы балабақшамен қамтылған.

Қаламызда 175 орындық «Шұғыла – 3» балабақшасы бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Сәулеті келіскен балабақшаның ашылу рәсіміне елдің жақсылары мен жайсаңдары жиналды.

Бұл балабақшаның құрылтайшысы – облыстық мәслихат депутаты, кәсіпкер Сейітқали Алышынбаев. Жомарт жан бұдан бөлек, Досан ауылындағы орта мектептің құрылысына қаржысын салғаны белгілі. Сондай-ақ, бытыр ашылған “Шұғыла-1”, “Шұғыла-2” балабақшалары да балалар қозаймына айналған. Білім

жолында инвестиция құйған халық қалаулысының еңбегі еш кетпеді.

Жаңа балабақшаға келетін бүлдіршіндердің қуанышын бөліскен Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Р.Рүстемов, осындай орталықтардың жыл соңына дейін әлі де көптеп ашылатынын айтып, бүлдіршіндерді мерекелерімен құттықтады.

Жаңадан бой көтерген балабақшаның іші кірсе, шықкысыз. Сыртқы келбетінің өзіне сын айта алмайсыз. 55 маманды жұмыспен қамтыған орталықта педагог-психологтар да жұмыс істейді. Ашылу рәсіміне келген қонақтарға бүлдіршіндер өз өнерлерін көрсетті.

**Жарасхан ӨТЕБАЙЛІЕВ,**  
Қорқыт ата атындағы  
ҚМУ-дың студенті.

Қызылорда қаласының құрылыс және бизнес колледжінің спорт залында дойбыдан облыстық жекелей ерлер мен әйелдер арасында біріншілік болып өтті. Облыстық дойбы федерациясы жарысты белгілі саясаткер, журналист Сағат Жүсіптің 70 жасқа толған мерейтойына арнады. С.Жүсіп дойбы өнеріне мол үлес қосқан азамат. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары екі мәрте республика чемпионы, екі рет КСРО финалының қатысушысы болған ол ел құрамасының мүшесі атанып, облысымызда алғашқы спорт шебері атаған алған.

## ДУЫРЛІ ДОЙБЫ ДОДАСЫ

С.Жүсіптің дойбы тақырыбына жазған қазақша екі кітабы “Дойбы мектебі”, “64 шаршыдағы халықаралық дойбы” шығармалары көпке белгілі. Жарысқа облысымыздың бес ауданы мен Қызылорда қаласынан 20 ер, 14 әйел дойбышы қатысып, облыс чемпионы деген атақты сарапқа салды. Алғашқы турдан бастап спорт шеберлігін үміткерлер Ертай Абимолда мен Руслан Рахманбердиев топ бастады.

Швейцарлық жүйесіндегі микро-матчтық әдіспен, халықаралық ережесмен өткен жарыста қазылылық Асқар Сәрсенбай 18 мүмкіндіктен 15 ұпай жинап 1 орынды, 14 ұпай жинаған Р.Рахманбердиев екінші, 13 ұпаймен аралдық жас дойбышы Дүйсенбай Дәулет III орынды

### ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ БАСТЫ ФАВОРИТІ

Сонымен ағайын көптен күткен дубірлі доп додасы да жақындап қалды. Түн ұйқымызды төрт бөлетін, төрт жылда бір келетін осынау тамаша теңбіл доп ойынында қай құраманың бағы жанады деп ойлайсыз? Өрине, басым көпшілік алаң қожайындары саналатын Бразилияны фаворит деп санайды. Бірақ Германия, Испания, Аргентина, Голландия, Англия, Италия, Франция және т.б құрамалар бұл пікірмен

келіспейді. Әлем чемпионатына осал командалар қатыспайтыны белгілі. Бельгия, Швейцария, Колумбия, Хорватия құрамалары да, өздерінің әдемі ойын өрнегімен ерекшеленеді. Уругвай, Португалия құрамаларын айтпасаң да сезесің. Көршіміз Ресейде алысқа баруды көздейді. Алжир, Камерун, Нигерия, Кот-д’Ивуар, Гана сияқты Африканың жұлдыздары да, белдерін бекем буып отыр. Азиядан Оңтүстік Корея,



иемденді.

Бұл жарысқа қатысқан тереңөзектік мектеп оқушысы Акерке Ертілеуова 12-ұпай жинап IV орынға шығып болашағынан мол үміт күтетін ойыншы екенін көрсетті. Әйелдер арасындағы бәсекеде жас қыз айқын басымдық танытты.

Мерейтой иесі жарыстың ұйымдастырушы және жоғары деңгейде өтуіне бөлсене үлес қосып қана қоймай жарысқа төрешілік етіп және жеңімпаздар мен жүлдегерлерге өз атынан сыйлықтар тапсырды.

Жарыс жеңімпаздары 1-12 маусым аралығында Алматы облысының Қаскелең қаласында өтетін республикалық біріншілікке қатысуға мүмкіндік алды.

**Сермағамбет ТЕМІРБАЙ,**  
жарыс төрешісі.

Иран, Жапония тағы бар. Австралия да жеке өзі бір құрлықтан келген жайы бар. Мексика, Эквадор, Гондурас, Коста-Рика, Чили, АҚШ сияқты Оңтүстік және Солтүстік Америкадан келген теңбіл доп шеберлері тағы бар. Еуропадан Босния мен Герсика құрамалары да осалдар қатарына жатпайды.

Ал сіз кімді фаворит деп ойлайсыз? **Нұрбек САҒАДАТ.**

#### ● АКЦИЯ



ликасы қаржы полициясы органдарының 20 жылдық мерейтойын мерекелеу шеңберінде қалалық ішкі саясат бөлімі және «Болашақ жастары» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп осындай ұранмен акция түріндегі флеш-моб ұйымдастырды.

Шараның негізгі мақсаты – көпшілікті сыбайлас жемқорлықпен күресу процесіне қатыстыру, халық арасында жемқорлыққа қарсы қозғарасты қалыптастыру және жастарды онымен күреске тарту.

Қызылорда қаласындағы жоғары және арнаулы оқу орындарының 60-тан астам студенттері ақ түсетін флу-

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ

болқалар киіп, «Біз сыбайлас жемқорлықты жеңеміз!» ұранымен қала көшелерін аралап өтті. Одан кейін қаланың 20 автобусына 4 студенттен бөлініп отырған жастар қаланың әрбір тұрғыны пара алмау және бермеу керектігін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы үндемей қалмау керек екендігін түсіндірді.

Акция барысында қала тұрғындары мен автобус жолаушыларына сыбайлас жемқорлық мәселелері туралы сұрақтар қойылып, дұрыс жауабын тапқан азаматтарға сыйлықтар таратылды.

**Аида ЖАҢАБЕРГЕНОВА,**  
облыс бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің баспасөз хатшысы.



Жошының Ордасы болады. Ортағасырлық жазба деректерде және археологиялық жазба нәтижелерінде ірі сауда орталығы болғандығы, этномодені, саяси байланыстардың белгілі нүктесі деп айтылады.

Бұл ескерткіштердің бүгінгі күйі ойланарлық жағдайда. Олай дейтініміз, Ұйғарак, Түгіскен қорымдарын өткен ғасырда Хорезм экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізіп, құнды жәдігерлер алған. Ең бастысы, қазба жұмыстарынан кейін, қажетті тұмшалау жұмыстары жүргізілмей ашық тасталып кеткен. Ендігі мақсат осы қазбалардың сызбасын алып, тұмшалау іс-шараларын қолға алу керек. Жалпы, көне көмбелер шетелдік қонақтарды да қызықтыруы тиіс. Бұл бағытта ішкі туризмді дамытуға мүмкіндік мол.

**Ерасыл ШӘРІБЕК,**  
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың студенті.

## РФМШ — ҮЗДІК МЕКТЕП

К.Мәсімов, Т.Құлыбаев, Қ.Келімбетов Е.Қалиев, Б.Сұлтанов, Н.Қанпаров, Е.Досаев, Қ.Қожамқаров, Т.Ахсамбаев, Е.Сағалдиев, Д.Еренчинов, С.Нұрғисаев, Д.Абылғазин, В.Ким, Б.Қаниев, М.Абдрахманов, А.Сұлтанғазин, А.Пап, И.Школьник, Асқар және Әнуар Жұмалдіаевтар, Р.Қуанғанов, Е.Бейсембетов, А.Құсайынов және тағы басқа танымал азаматтар бар. «Яндек» компаниясының (Ресей) негізін қалаушылар А.Волож бен И.Сегалович те - РФМШ түлектері.

Соңғы он жылда 650-ге жуық мектеп түлегі әлемнің 25 елінің үздік университеттерінде білім алды (оқып жүр): АҚШ-та 127 түлек (MIT (5), Гарвард (1), Йель (1), Принстон университеті (2), Уортон бизнес мектебі (1), Мичиган университеті (4), Калифорния университеті, Беркли (6), Карнеги Меллон университеті (3), Пюорто университеті (10), Рочестер университеті (3), Пенсильван университеті (6) және т.б.), Ұлыбританияда 113 түлек (Кембридж (2), Оксфорд (2), UCL (4), Лондонның империялық колледжі (5), Манчестер университеті (3), Ворвик университеті (5) және т.б.), Ресейде 222 түлек (МГУ (78), Бауман атындағы МГТУ (20), МФТИ (13), СПбГУ (9), МИФИ (22), Ресей ФСБ Академиясы (4), МГИМО (4) және т.б.), ҚХР-да 33 түлек (Пекин университеті (3), Фудан университеті (5), Шанхай университеті (8) және т.б.), Чехияда (29), Канадала (28), Малайзияда (20), Сингапурда (14), Кореяда (4), Гонконгта (3) және Еуропа мен Азияның, Америка мен Австралияның басқа да елдерінде білім алуға. Жыл сайын мектеп түлектері тұрақты негізде Ресей, Сингапур, Қытай, Корея және тағы басқа

елдердің үздік университеттерінің гранттарын алады. Мектепте осы мақсатта ағылшын тілін оқу және халықаралық емтихандарын ойдағыдай тапсыру үшін барлық жағдайлар жасалады. Соңғы 9 жылда физматтықтардың бесуеі әлемнің ең мықты жоғары оқу орны Массачусетс технологиялық университетіне (MIT, АҚШ) түсті.

MIT-ті бірінші болып Н.Мақышов бітіріп, бүгінде Пенсильван университетінің (MBA) Уортон бизнес мектебінің магистранты атанды, жақында ғана Гарвард университетінің Джон Ф.Кеннеди атындағы мемлекеттік басқару мектебінің (MPA) грантын жеңіп алды. Біздің мектептің Қазақстанда оқығысы келетін кез келген түлегіне КБТУ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, МУИТ, ҚазҰТУ, КИМЭП және басқа да ЖОО-ның гранттарын алуға іс жүзінде көмекші беріледі.

РФМШ-да олимпиадалық қозғалысты дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Дүниежүзілік олимпиадалардан (IMO, IPHO, IOI, ICbO) Қазақстанның жұлде қорына мектеп олимпиадашылары соңғы 10 жыл ішінде 32 медаль салды: 2 алтын, 10 күміс, 20 қола. Олар жыл сайын әлемнің 16 елінде өтетін 30-дан астам халықаралық олимпиадаларға, ғылыми сайыстарға қатысып, соңғы бес жыл ішінде 527 марапатқа (медальдер мен мақтау қағаздары) ие болды. Тек өткен оқу жылының өзінде халықаралық олимпиадалар мен сайыстардан 119 медаль жеңіп алды. Соңғы 10 жылда Республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба сайыстарынан 470 медаль жеңіп алды, соның ішінде 214 жылы 59 марапатқа қол жеткізді.

Мектепті жыл сайын елуден астам

«Алтын белгі» аттестатының иегерлері бітіреді. Соңғы 6 жылда 310 түлек осындай төсбелгі иесі атанды. Былғы жылы оқу үздігінің осындай жоғары атағын 84 үміткер, ал келесі оқу жылы 129 үміткер растайды деп күтілуде. ҰБТ-ның орташа балы жыл сайын 110-нан асып тұр.

РФМШ-да халықаралық және республикалық жобалар сәтті жүзеге асырылып жатыр. Жобалар бастамашысы болып табылатын мектеп директорына мектептің педагогикалық ұжымы белсенді қолдау көрсетеді. Математика, физика және информатика бойынша өткізіліп жүрген Халықаралық Жәутіков олимпиадасы, Қазақстан математик және физик мұғалімдерінің Республикалық шығармашылық конкурстары, Республиканың ғылыми көпшілік «ФизМат» журналы, 2012 жылы мектеп базасында құрылған Қазақстан математик мұғалімдерінің ассоциациясы, міне бұлар жыл сайын мектепте сәтіммен жүзеге асырылып жүрген жобалардың тізбесі.

Бұдан басқа мектепте жыл сайын мектептің үздік оқушылары мен мұғалімдеріне күрмет көрсету салтанаты жанында «Үздік мұғалім», «Үздік оқушы» номинациясы, сондай-ақ «Мектеп мақтанышы» медалі табысталады. Жыл сайын мектептің туған күнін мерекелеу, «Қыз сынып» байқауы, мектепшілік қайырымдылық іс-шаралары, жетім балаларға мәдени-білім беру ісі бойынша көмек көрсету үшін балалар үйіне волонтерлік жасау және тағы басқа да іс-шаралар өткізіледі.

РФМШ-ның дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі орасан жетістігі деп мектептің бұрынғыша еліміздің орта білім беру жүйесінде көшбасшылық орын алатындығын айтуға болады.

**Майя ЕСМАҒАМБЕТОВА.**

Қасиетті Сыр топырағы ежелгі дүние құпия сырларын бауырына терең бүккен құйкалы жер. Қанша ғасыр өтсе де жауабы табыла қойған жоқ. Ғылыми зерттеудің тісі батпаған тұстары көп. Жыл сайын дәстүрлі түрде жергілікті ғалымдар көне көмбелердің кереметін ашуға талпынады. Биыл, мамыр айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы мен Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетімен біріккен топ Жалағаш ауданы көлемінде экспедициялық барлау жүргізді. Экспедиция құрамына Түркия елінің ғалымдары, профессор Бекир Дениз бен Кенан Яван, «Археология және этнография» ГЗО ғалымдары Әзілхан Тәжесеев, Рүстем Дәрменов және студенттер Ислам Құрманязов, Жетесби Сұлтанжан енді. Топта санаулы кісі болғанымен, ғылыми тәжірибесі мол азаматтар қамтылды.

Экспедицияның қос көлігі соқпақсыз даламен ортағасырлық Мортық қала, Шығыс Құмқала мен Құмқала ескерткіштеріне тірелді. Діттеген нысанда аялдап, оның тарихи тереңін зерделеді. Деректер көзінде Шығыс Құмқала Алтын Орта дәуірінің үлкен бекінісі деп аталған. Соны айғақтағандай, жердің беткі қабатында түрлі керамиканың сыннықтары шашылып жатыр. Осында темір дәуірімен деңгейлес атақты Ұйғарак және Оңтүстік Түгіскен қорымдары да бар.

Ерте темір дәуірінде Шығыс Арал өңірінің аумағы мен Оңтүстік Қазақстанның оған шектес аудандарын массагет-сактардың құрамына кіретін этникалық топтар мекендеген. Тарих растағандай, 1960-1963 жылдары М.А.Иттианың жетекшілігімен Хорезм археологиялық

этнографиялық экспедициясы кешенді қазба жұмыстарын Түгіскен жерлеу кешенінде жүргізді.

Ал, 1961 жылы ғалым О.А.Вишневскаяның жетекшілігімен Ұйғарак қорымында қазба басталып, қатарынан үш жыл бойы жалғасын тапты. Қорым жайлы О.А.Вишневскаяның «Культура сакских племен низовьев Сырдары VII-V вв. до н.э.» (1973) еңбегі жарық көрді.

Жалпы, ғалымдарды қола дәуіріндегі көсемдер жерленген Солтүстік Түгіскен қорымы қатты қызықтырды. Қорым Інкәрдарияның құрған қалған арнасын бойлай 400 шаршы метрге жуық ауданды алып жатыр. Ол 20-ға жуық ірі және шағын жерлеу құрылыстарынан тұрады. Құрылыстың салыну жүйесі қам кесектерден тұрғызылған және айнала жаспарласқан немесе жанынан топтасқан әртүрлі формалы келген. Қазіргі кейпі үлкен кесенелердің қиранды түрі ғана. Дегенде бір жайт анық, Солтүстік Түгіскен қорымы – Орталық Азия мен Қазақстандағы көбірусті құрылысының көлемі мен күрделілігі жағынан, сондай-ақ, көбірге салынған байланымымен және молдылығымен қола дәуірінің теңдесі жоқ бірден-бір ескерткіш. Құндылығы ескеріліп, көне көмбенің сыртқы көрінісі суретке түсірілді.

Келесі күні ортағасырлық керемет ескерткіш — Жент қалашығы бетке алынды. Көпке мәлім, «Худуд ал Алам» атты еңбекте Жентті X ғасырмен мерзімделетін оғыз қалалары ретінде көрсетеді. Бұл қалашық селжұқтар әулетінің алғашқы көтерілу кезеңінде және Хорезм-Оғыз қатынастарының тарихында басты рөл атқарған. Кейін 1220 жылы бұл қалашықты Монғол әскері жаулап, Шыңғыс ханның үлкен ұлы

## ҚАЗІРГІ ШЫНШЫЛДЫҚ ӨЛШЕМІ

Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Шаханов облысымызда шығармашылық сапармен жүр. Осыған орай ақынның “Қазіргі шыншылдық өлшемі” атты өлеңін оқырман назарына ұсынамыз.

Сөзі мен әнін жазған: Мұхтар ШАХАНОВ

Неге қазір шындығы жоқ адамдар тым көбейді, Олар неге қара затты «қара екен» демейді? Талайлардың алғырлығы жалғандығы бөгейді, Бірақ заман ерте, кеш пе, шыншылдықты жебейді.

**Қайырмасы:**

*Кім шындығын жосалтып алса,  
Күңделікті өмірге,  
Німет бұрып жейтілсе,  
Сөзі басқа, ісі басқа болса.  
Жалғандықтан ақсап қалған,  
Елдік, ұлттық мақсаттардан,  
Тартыншақтап бойын аулақ салса,  
Ойаналық,  
Ол адамның парқы, құны қанша?*

2-рет

«Ақты – ақ деп» айта алмаудың болмай қоймас азабы, Сондықтан да қанша тағылр ар алдында жазалы. Шындығы жоқ әрбір адам өзіне ор қазды, Тек намысы тірі тұрса, алыстан қол созады.

Тіпті кейбір білімділер, өнерілер саналы, Жағымпаздар жарысының жетегінде баралы. Ондайларды құсыздықтан кім күтқара алады? Бұл күресте Шындық пен Рух бас тұлға боп қалады.



Меншік иесі:

**Сыр медиа**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**

**Аманжол ОҒАРБАЕВ**

☎ қабылдау бөлмесі  
тел/факс 70-00-36

**Сыр бойы**

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

**БАС РЕДАКТОР**

**Жұматәли ӘБДІРАМАН**

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың  
орынбасары 70-00-43  
Жауапты хатшы 70-00-81

**бөлімдер:**

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73  
экономика - 70-00-41, 70-00-68  
өлеумет және саясат - 70-00-41  
жарнама - 70-00-49, 70-00-52  
өспесілік - 70-00-39, 70-00-38  
зәңгер - 70-00-42  
компьютер орталығы - 70-00-34  
корректор бөлімі

**меншікті тілшілер:**

**Арал, Қазалы:**  
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

**Шиелі, Жаңакорған:**  
Нұрмұхан Елтай - 8724 32 4-59-51

**e-mail:** syrboy@mail.ru  
Site: www.syrboy.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетіне тіркелген.  
**Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.**  
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделгені және қайтарылмайды.  
Жариялыңдар газеттің түпнұсқаты издәушімен біріккендігі. «Ақ»-сөзінше қызымет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазақпшта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

**Таралымы 22158**  
Тапсырыс № 469  
**Электрондық оқылым – 21000**